



Қарапайым және арнайы дивидендтерді болжамнан бұрын төлеу туралы ұсыныс

Жаңартылған дивидендік саясат

Алматы, Қазақстан – Air Astana тобы («Компания» және оның еншілес компаниясы FlyArystan-мен бірге «Топ»), кірісі мен әуе флотының көлемі бойынша Орталық Азия мен Кавказ өңірлеріндегі ең ірі әуе компаниялар тобы, 2024 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған қаржы жылы үшін бір жай акцияға 17,7 теңге (төрт акциядан тұратын бір ЖДҚ-ға 70,9 теңге) мөлшерінде қарапайым дивиденд төлеуді Акционерлердің жылдық жалпы жиналысына ұсынғанын хабарлайды. Жалпы төлем сомасы 6,3 миллиард теңгені құрайды, бұл IPO барысында белгіленген орта мерзімді болжамнан бұрын жүзеге асырылуда.

Сонымен қатар, Топтың 2024 жылғы қаржылық нәтижелерінің жоғары көрсеткіштері мен тұрақты қаржылық жағдайын ескере отырып, Директорлар кеңесі бір жай акцияға 36,0 теңге (бір ЖДҚ-ға 143,9 теңге) мөлшерінде арнайы дивиденд төлеуді ұсынды. Жалпы дивиденд сомасы 12,8 миллиард теңгені құрайды.

Ұсынылған жалпы дивидендтің (қарапайым және арнайы дивидендтер) мөлшері бір жай акцияға 53,7 теңгені және бір ЖДҚ-ға 214,8 теңгені құрайды. Бұл төлем 2025 жылғы 31 мамырдан кешіктірмей Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында бекітілсе, 2025 жылдың ортасында төленеді.

Директорлар кеңесі жылдық шоғырландырылған таза кірістің 30%-дан 50%-ға дейінгі мөлшерінде, саясатта көрсетілген барлық шарттар орындалған жағдайда, дивидендтер төлеуді көздейтін жаңартылған дивидендік саясатты бекітті, бұл алдыңғы болжамдағы 20%-ға дейін төлемнен жоғары.

Мерзім

Қарапайым және арнайы дивидендтерді жариялау 2025 жылғы 31 мамырдан кешіктірмей өтетін Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында акционерлердің бекітуіне тәуелді. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өтетін күнді Топ тиісті уақытта хабарлайды.

Қосымша ақпарат алу үшін:

Air Astana компаниялар тобы

Ирина Мартинез (Инвесторлармен байланыс бөлімінің investor.relations@airastana.com жетекшісі)

Vigo Consulting (Air Astana компаниялар тобының IR және airastana@vigoconsulting.com

PR кеңесшісі)

Тим Маккол / Tim McCall

+44 20 7390 0230

Air Astana компаниялар тобы туралы

Air Astana компаниялар тобы Орталық Азия мен Кавказ өңірлеріндегі кіріс көлемі мен әуе кемелер саны бойынша ең ірі әуе тасымалдаушы топ. Компания 60 әуе кемесінен тұратын флотты басқарады, ол 2002 жылы алғашқы рейсін орындаған толық қызмет көрсететін Air Astana әуе компаниясы мен 2019 жылы құрылған бюджеттік FlyArystan әуе компаниясына бөлінген. Компания тұрақты, тіке және транзиттік, қысқа және ұзақ қашықтықтағы жолаушылар мен жүк тасымалын жүзеге асырады. Маршруттық желісі Орталық Азия, Кавказ, Қиыр Шығыс, Таяу Шығыс, Үндістан және Еуропаны қамтиды. Air Astana Skytrax рейтингі бойынша Орталық Азия және ТМД-дағы ең үздік әуе компаниясы атағын 12 мәрте иеленді және қатарынан 8 рет Орталық Азия мен ТМД-дағы ең үздік әуе компания қызметі марапатына лайық танылды. FlyArystan екі рет Skytrax сыйлығы бойынша Орталық Азия мен ТМД-дағы ең үздік бюджеттік әуе компаниясы атанды. Сонымен қатар, Air Astana Airline Passenger

Experience Association (APEX) тарапынан ірі әуе компаниялар санатында бес жұлдызды рейтингке ие болды. Компания Қазақстан қор биржасында (KASE), Астана халықаралық биржасында (AIX) және Лондон қор биржасында (LSE) AIRA тикерімен листингке енгізілген.